

Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 10 мамырдағы № 113-900 қаулысы. Күші жойылды - Астана қаласы әкімінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 113-374 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімінің 28.02.2018 № 113-374 (қаулы қол қойылған күннен бастап 6 (алты) күнтізбелік күн ішінде күшіне енеді) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің мынадай қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) "Астана қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 4 наурыздағы № 113-319 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 890 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 наурыздағы № 31 (3236) "Астана ақшамы", 2015 жылғы 21 наурыздағы № 31 (3254) "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған):

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген "Астана қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

17-тармақтың 1) тармақшасындағы "және Астана қаласының коммуналдық мүлкін басқару" деген сөздер алынып тасталсын;

2) "Астана қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 4 наурыздағы № 113-319 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 7 қыркүйектегі № 113-1559 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 946 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 қазандағы № 109 (3314) "Астана ақшамы", 2015 жылғы 1 қазандағы № 109 (3332) "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған):

жоғарыда көрсетілген қаулының кіріспесіндегі "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы" деген сөздер мен сандар "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі" деген сөздер мен сандармен ауыстырылсын.

2. "Астана қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысына осы қаулының көшірмесін "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жазба және электрондық түрде жолдау және Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыру жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.И. Лукинге жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Астана қаласының әкімі

Ә. Исекешев